

Босқын репатрианттардың қоныс аударуын ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 1388. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3432 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 622 қаулысын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 17, 146-құжат) жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Сыртқы істер министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен, Мемлекеттік кеден комитетімен, облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп босқын репатрианттар отбасыларының Монғолия мен Иран Ислам Республикасынан Қазақстан Республикасына ұйымдастырылған түрде қоныс аударуын жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің, қосымшаға сәйкес, босқын-репатрианттарды тасымалдау жөніндегі шығыстарды өтеу үшін 1997 жылы қоныс аудару шараларына жергілікті бюджеттерде көзделген қаражаттың бір бөлігін аталған министрліктің орталықтандырылған шотына аудару туралы ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тапсырымдар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің көлік қызметтеріне төлем жасауы үшін 1997 жылы қоныс аудару шараларына көзделген жергілікті бюджеттерден қаражат аударуына арнап ағымдағы шот а ш с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне, олардың аталған министрліктің орталықтандырылған шотына аударған қаражатының тиімді әрі мақсатты пайдаланылуы туралы есеп ұсынсын.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 қыркүйектегі
N 1388 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасына Монғолиядан және Иран Ислам Республикасынан қоныс аударушы отбасылары мен олардың үй мүлкін тасымалдау бойынша көлік қызметіне ақы төлеуге қажетті қаражат

Рет N	Көшіп келушілер орналастырылатын облыстар	Монғолия			Иран Ислам Республ. касы		
		отбасы	адам саны	сомасы (млн. теңге)	отбасы	адам саны	сомасы (млн. теңге)
1.	А л м а т ы			1 0		5 0	2, 0
(Т а л д ы қ о р ғ а н)							
2.	Ш ы ғ ы с						
	(С е м е й)			3 0		1 5 0	5, 4
3.	Қ а р а ғ а н д ы			1 0		5 0	3, 0
4.	Қ о с т а н а й			2 5		1 2 5	8, 0
5.	М а ң ғ ы с т а у				4 0	2 4 0	18, 0
6.	П а в л о д а р			2 0		1 0 0	5, 0
7.	С о л т ү с т і к						
	(К ө к ш е т а у)			3 0		1 5 0	8, 0
8.	О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н				2 5	1 5 0	11, 0
9.	А л м а т ы қ а л а с ы	3	1 5	2, 0	2	1 0	1, 0
	Барлығы:	128	640	33,4	67	400	30,0

Р е т | Ж и ы н ы :
N |
| отбасы | адам | сомасы
| | с а н ы | (м л н .
| | | т е ң г е)
-----|-----|-----|-----

1 .	1 0	5 0	2 , 0
		2	.
	3 0	1 5 0	5 , 4
3 .	1 0	5 0	3 , 0
4 .	2 5	1 2 5	8 , 0
5 .	4 0	2 4 0	1 8 , 0
6 .	2 0	1 0 0	5 , 0
		7	.
	3 0	1 5 0	8 , 0
8 .	2 5	1 5 0	1 1 , 0
9 .	5	2 5	3 , 0
195 1040 63,4			